

ЛЕКСИКА: Мінез және келбет. Басшы келбеті

1-тапсырма. Мәтінді оқып, аударыңыз.

Келбет

«Адамның бүкіл тұлғасы керемет әдемі болуы керек» - бүгін адамдардың көпшілігі осы қағидатты өмірінде іске асыруға ұмтылуда.

Келбет мінез-құлықпен тығыз байланыста. Кез келген адамды бір көргенде-ақ оның көзі, қасы, беті, құлақ-мұрыны, аузы-мойны, дене бітімі саған әр қилы әсер етеді. Онымен танысып, әңгімелесіп, араласып кетпей тұрып-ақ ол қандай адам, сол жөнінде өзіндік пікір де қалыптастырып үлгіресің. Бұл адамды адамның сыртқы келбеті арқылы-ақ танып, білу қасиеті. Содан, әлдекімді бір көргенде-ақ «Әлем-жәлем киінуді ұнататын сәнқойсымақ екен», «Күлкісі қандай жасанды», «Түрі қандай тұрпайы, өзі арсыз жан шығар», - деп те жатамыз. Әйтеуір, адамның сыртқы келбеті не сүйсіндіреді, не одан жиіркендіреді, тіпті, таң-тамаша да қалдырады.

Сыртқы келбет (түр) дегеніміз не?

Адамның сыртқы келбетіне кіретін дене, заттар, жаратылыс: киім, фигура (латын сөзі, аударғанда: «сыртқы түр» деген мағынаны білдіреді), келбет, бет-әлпетінің өзгерісі, дене құрылысы, бойы, салмағы, мүсіні. А.П.Чехов адам бойында барлығы да – келбеті, киім киісі, жаны және ойы да сұлу болу керек деген. Қарапайым, әдемі, орынды және заманға сай киіне білу – адам мәдениетінің бір түрі. Басқарма қызметкерінің сыртқы келбетінің қарапайымдылығын және жақсы киім талғамын оның жалпы әрі кәсіби мәдениетінің басты компоненттерінің бірі деп санауға болады. Атап айтқанда, басшының сыртқы келбеті мен киім киісі айналасындағылардың оған деген қарым-қатынасын тудырады. Тек қана киімінің ғана емес, барлық сыртқы келбетінің (шаш қоюы, жүріс-тұрысы) ұқыптылығы оның ерекше сипаты болуы керек.

Сөздік:

келбет – внешность, наружность, облик

тұлға – личность

қағидат – принцип

мінез-құлық – характер

іске асыру – осуществить

киім киісі - манера одеваться

қарапайымдылық - простота

талғам - вкус

шаш қою - прическа

ұмтылу – стремление

тығыз байланыста – тесно взаимосвязано

өзіндік пікір – свое мнение

сәнқойсымақ (сәнқой) – модница

жасанды – искусственный

орынды - уместно

заманға сай - согласно времени

ұқыптылық - аккуратность

жүріс-тұрыс - походка

2-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Келбет дегеніміз не?
2. Келбет пен мінез-құлық байланысты ма?
3. Сыртқы келбет арқылы адамды тануға бола ма?
4. Жолдасыңның келбетін суретте.

3-тапсырма. Мәтіннен сын есімдерді теріп жазыңыз, олардың түрін ажыратыңыз.

Сән заңдылықтары бойынша түрлі түстердің бәрі түгелдей әдемі көріне бермейді. Мәселен, сары түс қызғылт пен көкшіл түстерге, қоңыр түс

қарақызыл мен сұр түске келіспейді. Әдетте, бір-бірімен реңдес түстер (қоңыр – қызғылтым түспен, қара – сұрмен, көк – көгілдірмен немесе қарама-қарсы реңдер қара мен ақ, қара мен қызыл, қара мен көгілдір, қызыл мен ақ, сары мен күлгін, көк пен қызғылт сары, қызыл мен жасыл) ұнамды жарасады

4-тапсырма. Жақшадағы сөздерді аударыңыз.

1. Қарапайым, (красивый), орынды және (согласно времени) киіне білу – адам (культуры) бір түрі. 2. Басқарма (служащего) сыртқы келбетінің (простоту) және жақсы киім (вкус) оның жалпы әрі (профессиональный) мәдениетінің басты компоненттерінің бірі деп санауға болады. 3. Атап айтқанда, басшының (внешний) келбеті мен (манера одеваться) айналасындағылардың оған деген қарым-қатынасын тудырады. 4. Тек қана киімінің ғана емес, барлық сыртқы келбетінің шаш қоюы, жүріс-тұрысы (аккуратность) оның ерекше сипаты болуы керек.

5-тапсырма. «Менің досымның келбеті» тақырыбы бойынша өзіңіздің досыңыз туралы сипаттама беріңіз.